

# АЛМАТ ИСӘДІЛ: «ӨЗГЕРДІ БҮГІН ҚОҒАМ...»

**М.** Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық драма театрында Қазақстан Республикасының 25 жылдығына орай талантты ақын Алмат Исәділдің «Елім барда...» атты шығармашылық кеші өтті. Театр бұл кеште тыңдармандарға лық толы болды. Олардың арасында ақынның шығармашылығын сүйетін жастармен қатар, жасы үлкен, еліміздің сыйлы азаматтары мен ақсақалдар да келді. «Аспантау» мен «Бір тамшы» жыр жинақтарының тұсау кесуіне орай өткен кеш театрландырылған көрініспен басталып, концерттік бағдарламамен жалғасты. Белгілі жазушы, жас қаламгер Бейбіт Сарыбай жүргізген кеште ақынның өмірі, отбасы мен шығармашылық жолы туралы бейнефильм көрсетілді. Алмат Исәділге әріптестері мен достары тілектерін айтып, ел білмеген қырларын паш етті. Ақынға Қазақстан жазушылар одағы Ұлы ақын Абайдың мүсіншесін тарту етті. Табиғат, тағдыр, өмір, отан мен махаббаты жырлаған Алматтың өлеңдері тыңдармандарға кеш соңына дейін керемет ләззат сыйлады.

Кеш иесі туралы толығырақ айтсақ, Исәділ Алмат Мұратұлы Қазақстан Жазушылар одағының және Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, ақын, аудармашы, журналист. Халықаралық «Шабыт» фестивалінің дипломанты, бірнеше жыр мұшайраларының жүлдегері, Илияс Жансүгіров рухына арналған республикалық мұшайрасында Сайын Мұратбеков атындағы арнайы сыйлықтың иегері атанған.

Алмат Исәділдің өлеңінен мысал келтіретін болсақ, «Бүгін...» шығармасы бірінші ойға келеді. Ол қазіргі заманның өзгерістері мен қоғамның ащы шындығын көрсетеді.



## Бүгін...

Өзгерді бүгін қоғам -  
Көз көрді түрін жаман.  
Кез келді Ақиқаттың,  
Көмейін тығындаған.  
Тағдырды мойындадық,  
Әр күнді уайымдадық.  
Жақсылар жасып қалды,  
Жаманның жайын бағып.  
Күдіктен көңіл сынып,  
Үмітпен өмір сүріп,  
Өзгелер менсінбейді,  
Бізді әлі тобырсынып.  
Заңғардан өте алмадық,  
Арманға жете алмадық.  
Жылтырақ дүниеге,  
Арбалып, неше алданып?!  
Жасырып шындығыңды,  
Ақыры сұмдық ұрды.  
Алаштың - тірегі еді,  
Ластадық тілді, дінді.  
Тар жолда тығындалып,  
Ақ жолға бұрылдыдық.  
Мастанған төрелерге,  
Мадақтау жырын жазып.  
Ақшадан оңалмадық,  
Жақсы адам бола алмадық.  
Тілге тіл қосып алып,  
Басқаша амалдадық.

Даланы күмілжітіп,  
Қаланың уын жұтып,  
Шындықты айта алмайсың,  
Тұрса да тілің қышып.  
Уақыт - құйын, боран -  
Артына бұрылмаған.  
Алдыңда жер қалмады,  
Тұзақ, тор құрылмаған.  
Әлі де тыйылмаған,  
Бұрынғы қиын заман.  
Жол кесіп Батыраштар,  
Жасап жүр бұрын қадам.  
Құйғытып Құлагермен,  
Асқанда құба белден,  
Баяғы Батыраштар,  
Балта алып, шыға келген...

**Ардақ КАМАЛ**  
Суреттерді түсірген  
Мамыржан Ботабеков

## АННОТАЦИЯ ○

В нашей традиционной рубрике рассказываем о вечере поэта Алматы Исадила в Алматы и публикуем одно из лучших его сочинений.